

"Гаухар" бөбекжай балабақшасы" КМҚК

Әдістемелік кеңес №1 хаттамасы

Уақыты: 05.09.2023

Төрайымы Г.Қуанышбаева

Хатшы: Г.Сахипова

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Балабақша әдістемелік кеңесте 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің жүктемесімен перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулығы.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тобының жұмысын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.М.Наурызбаева педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құтықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Әдістемелік кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты.

Сонымен қатар, әдістемелік кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2023-2024 оқу жылында әдістемелік кеңестің хатшысы болып Сахипова Гульнара сайланғандығын естеріне түсіріп етті.

Сөз сөйлеген әдіскер Г.Қуанышбаева 2023-2024 оқу жылында әдістемелік кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды.

Әдістемелік кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Г.Сахипованы сайлауды ұйғарды.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Қуанышбаева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары 8 бөлімнен тұрады.

2023-2024 оқу жылына мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тұлғасын жетілдіріп, өзін-өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында: баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімі дамыту, салауатты емір салтына тәрбиелеу. Күнделікті бірлесе атқаратын іс - қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндеті алынды Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланды..

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келесі маселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

Балабақша педагогтерге өздерінің алған маселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Сондай-ақ балабақша әдіскері оқу жылына 5 педагогикалық кеңес, 4 әдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі өсу көрсеткіштерінің калыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оқу тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды.

2 мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Қуанышбаева 2023- 2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды, жаңа оқу жылындағы өзгерістер талқыланды. Бұл әдістемелік нұсқау хат біздерге алдағы оқу жылында білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде әдістемелік қолдау болады деп сенеміз.

2023-2024 оқу жылында басшылыққа алатын нормативтік құқықтық құжаттарға қысқаша тоқталып өтті. 2023-2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тоқталып, ақпарат беріп өтті. Әдістемелік нұсқау хатта ерекше көңіл бөлінген тұстарымен таныстырды.

2023-2024 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру төмендегі негізгі нормативтік құжаттармен жүзеге асырылатынын айтты:

- МЖМБС
- Үлгілік оқу жоспарлары
- Үлгілік оқу бағдарламасы
- Әдістемелік нұсқау хат
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; - балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.
- қолдау, қабілеттерін жүзеге асыру, олардың жан-жақты дамуы мен білім алуын қамтамасыз ету

3 мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.М.Наурызбаева.

Балабақшада тәрбиешілердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық әлеуетін арттыру; білім беру үдерісінің сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында шығармашылық топ құрылады.

Шығармашылық топ мүшелерінің міндеттері

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ҚР МЖМБС-ны жүзеге асыру жағдайында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке мотивациялық дайындық деңгейін зерттеу;
2. Мектепке дейінгі тәрбиешілердің идеяларының мәліметтер базасын құру;
3. үздіксіз кәсіби өсуіне, үнемі өзін-өзі жетілдіруіне деген қажеттіліктерін қалыптастыру. Байқау қозғалысына қатысу, инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату.
4. Шығармашылық топтың қызметін талдау.

Осы міндеттерді орындау мақсатында әрбір әдістемелік жұмыстарға нақты талдау жасап отыруымыз керек. Оқу жылының басында топтардың дайындығы, топта бала өзін еркін, қауіпсіз сезінуі үшін қандай жағдайлар жасалған, сонымен қатар нендей кемшіліктер бар екенін анықтау мақсатында шолу тексеру жүргізілді. Толықтыруды қажет ететін мәселелер өз уақытында жасалды. Оқу қызметінің кестесі жасалды, үлгілік оқу бағдарламасы негізінде тәрбиешілер перспективалық жоспар жасады. Оқу жылының басында балаларға бастапқы бақылау жүргізілді. Балалардың білім - білік дағдыларының деңгейі анықталды. Осы жұмыстар шығармашылық топтың негізгі бірлескен жұмыстар нәтижесі.

Шешім:

1. Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып жұмыстану балабақша педагогтеріне жүктелсін.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқу жоспары, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі, күн тәртібі, жылдық жоспарлар бекітілсін.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тобының жұмысын ұйымдастыру жасалған жоспар негізінде жүзеге асырылсын.



Г.Куанышбаева

Г.Сахипова

"Гаухар" бөбекжай балабақшасы" КМҚК

Әдістемелік кеңес №2 хаттамасы

Уақыты: 20.11.2023

Төрайымы Г.Қуанышбаева

Хатшы: Г.Сахипова

Қатысқаны: 12

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

- | | |
|---|------------------------|
| 1. «Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай күйін талдау». | Әдіскер: Г.Қуанышбаева |
| 2. Жас мамандардың циклограмма жазудағы қиындығы қандай? Ой толғау. | Әдіскер: Г.Қуанышбаева |
| 3. Циклограмма жазу жөнінде кеңес. | Тәрбиеші: Г.Куракова |
| 4. Балаларға арналған ойын жаттығулары | Тәрбиеші З.Хадимова |

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Г.Қуанышбаева

Мектепке дейінгі ұйымның жас топтарында жүргізілген іс-шаралардың жоспарға сәйкес жүргізілуі бойынша талдау жасап, педагогтарға жоспарланған іс-шаралардың құжаттамаларын уақытында тапсырып келе жатқандарын айтты.

Тәрбиешілер ресімдеген құжаттардың нормативтік талаптарға сәйкестік деңгейін, жоспарлау мазмұнының жас тобының бағдарламалық міндеттеріне және бағдарламаға сәйкестігін талдау жасады.

Педагогтер педагогикалық қызметті мекеменің Жарғысына, бағдарламаға сәйкес жүзеге асыруда. Балалар контингенті, олардың жас және жеке ерекшеліктері, ата-аналардың әлеуметтік тәртібі ескерілген.

Оқу -тәрбие үдерісін ұйымдастыру барысында тәрбиешілер тәрбиелік, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттар мен міндеттердің біртұтастығын қамтамасыз етеді, сонымен бірге балалардың шамадан тыс жүктелуіне жол бермей, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешуде.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Г.Каусова «Мамандардың циклограмма жазудағы қиындығы қандай?» деген сұраққа ой толғау жүргізді. Мамандардың циклограмма жазуындағы қиындықтары тыңдалды, циклограмма жазуда нені ескеру қажеттігін бір-біріне жеткізді.

Циклограмма-бұл балалармен алдағы табысты жұмыстың түрін, мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін тандау және жұмыс уақытын тиімді пайдалану керек екені түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша бойынша Тәрбиеші: Г.Куракова

«Циклограмма жазу жөнінде кеңес» өткізді. Өз ноутбугын қосу арқылы циклограмма жазу туралы кеңестері мен оңай жолдарын үйретті. Картотекамен жұмыс, күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесімен жұмыс, ойындар мен тақырыптық бақылауларда таңдаудағы кеңестерімен бөлісті.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші З.Хадимова ойын жаттығуларын өткізді. Педагогтар арасында бірлік пен жақсы қарым-қатынасты нығайту, командалық жұмыстың қажеттігіне байланысты бірнеше қызықты ойындар, ән қимылдары, ырғақтық ойындар, есте сақтау-тыңдай алуға арналған жаттығулар жасатты. Ойындар нәтижесінде педагогтар көңілдерін көтеріп, ерекше әсер алғандарын айтты.

Шешімдер:

1. Балалардың танымдық дағдылары бойынша жұмыстар жандандырылып жүйелі жолға қойылсын.
2. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастырылуы және жабдықталуы бойынша сын ескертпелер назарға алынсын.
3. Ойын арқылы тапқырлыққа, логикалық ойлауға бағытталған жұмыстар жандандырылсын.



Төрайым
Хатшы

Handwritten signature of G. Kuanyshbaeva

Г.Қуанышбаева
Г.Сахипова

"Гаухар" бөбекжай балабақшасы" КМҚК
Әдістемелік кеңес №3 хаттамасы

Уақыты: 15.01.2024
Төрайымы Г.Қуанышбаева
Хатшы: Г.Сахипова
Қатысқаны: 12
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын арттыру жолдары.
Меңгеруші Г.М.Наурызбаева
2. Ойын-бала дамуының, басты құралы.
Тәрбиеші М.Досқалиева .
3. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастырылуы және жабдықтылуы.
Әдіскер Г.Қуанышбаева

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Наурызбаева сөз алды.

Балабақшаның басты факторларының бірі - баланы жан-жақты дамыту болып келеді. Қазіргі уақытта әр педагогтың алдында жаңа қоғамның талаптары қойылған, балалармен жұмыс жасаудың жаңа қызықты және шығармашылық тәсілдерін табу міндеттері. Сондықтан балалармен оқу қызметінде осы арт педагогиканың элементтерін қолдана отырып, үйлесімді жан- жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу және зияткер қабілетін арттыру мақсатын көздеп отырмыз. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады. Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек.

2 мәселе бойынша Балабақша тәрбиешісі М.Досқалиева

Ойын арқылы балалардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақталған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл- ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады. Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі - логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Балалардың қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытуда мақсаты мен , міндеттерін атап өтті. Логикалық ойлау дамыған бала шығармашылыққа, ойлана әрекет етуге, өзінің іс -әрекетін талдауға үйренеді.

Балабақша әдіскері Г.Қуанышбаева үшінші мәселе жайында айтып өтті.

Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру қажет. Балабақшаның жас ерекшелік топтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны жобалау керек.

ерте жас тобында және кіші топта: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құр алдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар. ортаңғы топта: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салу құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған ойыншықтар.

Ортаңғы және ересек тобында : дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, алғашқы математикалық ұйымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар үстел үсті ойындары, жануарлар мен өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар болуы керек.

Шешімдер:

1. Жоспарланған іс-шаралар талаптарға сай өткізіліп, құжаттамалары уақытылы тапсырылсын.
2. Циклограмма жазуда үнемі толықтырып, жаңашалап жазылсын
3. Педагогтарға арналған ырғақты, көңіл көтеретін ойындар үнемі өткізіліп отырсын.



Төрайым

Хатшы

Г.Қуанышбаева

Г.Сахипова

"Гаухар" бөбекжай балабақшасы" КМҚК
Әдістемелік кеңес №4 хаттамасы

Уақыты: 15.05.2024
Төрайымы Г.Каусова
Хатшы: М.Камалова
Қатысқаны: 12
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі. Әдіскер Г.Қуанышбаева
2. Жазғы сауықтыру маусымына дайындық Әдіскер Г.Қуанышбаева
3. Тәрбиеленушілердің сырқаттануына талдау. Медбике Б.Жуманиязова

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды

Біз балаларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу арқылы Отанына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, оған адал қызмет жасауға, оны қорғауға баулу; туған ел тарихы және өз халқы мен басқа да ұлыстардың мәдени мұрасын, салттары мен дәстүрлерін қастерлеу қатынасын қалыптастырамыз. Сонымен қатар, жан - жақты дамыған, өз елінің патриоты болатын азаматты қалыптастыру мектепке дейінгі жастан басталатынын, осы жаста қалыптасқан еңбексүйгіштік, қайырымдылық, адамгершілік сияқты т.б. сезімдер рухани - патриоттық тәрбиенің негізін қалайтынын айтты. Баланың жеке тұлға болып дамуына негіз болатын азаматтық патриоттық тәрбие беру – балабақша жұмысының негізгі бағыттарының бірі деп айтуға болады. Ол үшін біз балалармен күнделікті төмендегідей әр түрлі іс-әрекеттерді өткізіп отыруымыз қажет, мысалы:

- отанды қорғауға бағытталаған ойындар;
- тақырыптық ертеңгіліктер;
- баланың тілінің дамуын белсендіретін әңгімелер;
- бейнелеу, музыка әрекеттерінде (марштық композициялар, сапқа тұру, балалардың музыка мен қозғалыс ырғағын бере білу дағдылары т.б.).

Екінші мәселе бойынша Г.Қуанышбаева, жазғы сауықтыру жұмыстарымен таныстырып, жаз мезгілінде жұмыс жасайтын педагогтерге сабақ кестелері таратылып, жұмыстарға түсіндірме жүргізілді.

Жазғы сауықтыру кезінде балалардың денсаулығын бекіту, денесін шынықтыруы, күш жинауы үшін беріледі. Бірақ бұл да олардың рухани баю, өз күштерін тексеру және байқап көру, қоршаған ортаны игеру және түсіну уақыты. Балалардың белсенді демалысы әдеттегідей спорт-сауықтыру бағытында өтеді. Балабақшада балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында балалардың күндізгі таза ауада болуымен шаралар ұйымдастырылып отыр.

Үшінші мәселе бойынша медбике Н.Нигметуллина

Мектепке дейінгі мекеме жұмысы нәтижелерінің маңызды көрсеткіші – бұл балалардың денсаулығы. Баланы оқыту мен тәрбиелеудің сәттілігі баланың денсаулық жағдайына тәуелді. Сондықтан осы мәселеге баса назар аударылған. Балалардың денсаулығына жасалған жыл сайынғы талдау көрсетеді: Балалардың денсаулықтарына талдау жасай отырып, жыл сайын мектепке дейінгі мекемегекеліп түскен балалардың ішінде денсаулығы әлсіреген балалар артып келе жатқанына назар аудардық. Жыл көлемінде медбике, меңгеруші, әдіскер тарапынан балалардың дене тәрбиесіне медициналық-педагогикалық бақылау жасалып тұрды. Бұл жұмыс, ең алдымен: - балалардың денсаулық жағдайына, жүйке-психикалық және дене тәрбиесіне бағытталды.

Шешімдер:

1. Балабақша тәрбиеленушілеріне патриоттық тәрбие беру жандандырылсын.
2. Жазғы маусым жұмыстарын жоғары деңгейде өткізу педагогтерге жүктелсін.
3. Тәрбиеленушілердің сырқаттануына жасалған талдау бойынша сын ескертпелер назарға алынсын.



Төрайым

Хатшы

Г.Қуанышбаева
М.Камалова

Г.Қуанышбаева

Г.Сахипова

